

ҒЫЛЫМИ ӨМІР
SCIENTIFIC LIFE
НАУЧНАЯ ЖИЗНЬ

А.Б. Қалыш

тарих ғылымдарының докторы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың тарих факультетінің Археология, этнология және музеология кафедрасының профессоры

**МАДИЯР ЕЛЕУҰЛЫМЕН СТУДЕНТТІК, ҰСТАЗДЫҚ
ЖӘНЕ ҒЫЛЫМИ ЖОЛЫНДА: ЕСТЕЛІК ҚҰТТЫҚТАУ**

Қазақстанның белгілі ғалымы, археолог, қоғам қайраткері, тарих ғылымдарының докторы, профессор Мадияр Елеуов 2026 жылдың 3 мамырында 80 жасқа толады.

Мадияр Елеуов 1946 жылы 3 мамырда Қызылорда облысы Шиелі ауданындағы Енбекші ауылында дүниеге келген. Еңбек жолын туған ауылында бастаған ол 1970 жылы С.М. Киров атындағы Қазақ Мемлекеттік университетінің тарих факультетіне түсіп, оны 1975 жылы үздік дипломға бітірген. Ол 1975–1976 жылдар аралығында Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейінде аға ғылыми қызметкер, 1976–1999 жылдар аралығында Әл-Фараби атындағы Ұлттық университетте лаборант, ассистент, аға оқытушы, доцент, докторант, ал 1999–2001 жылдары аралығында Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Археология және жалпы тарих кафедрасының меңгерушісі, 2001–2002 жылдары Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті археология, этнология және мұражай ісі кафедрасының меңгерушісі, 2002–2008 жылдарда осы университеттің Археология ғылыми-зерттеу орталығының директоры, 2008 жылдан Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті Археология, этнология және музеология кафедрасының профессоры, «Археология және антропология Республикалық ғылыми-зерттеу институтының Бас ғылыми қызметкері, «Археолог» Халықаралық ғылыми-зерттеу орталығы» ЖШС директоры, Сарайшық ортағасырлық қаласындағы қазба жұмыстарына ғылыми сарапшы.

Мадияр Елеуұлы Елеуовпен мен 1972 жылдың қыркүйек айында С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің тарих факультетінің бірінші курсына түскеннен кейін таныстым. Ол кезде ол үшінші курста оқып жүр-

ген еді және біз үшін, кеше ғана мектеп бітірген жастар үшін, қомақты әскери әрі өндірістік тәжірибесі бар, қалыптасқан дүниетанымы мен елеулі өмірлік тәжірибесі жинақталған тұлға болып көрінді. Сол кездің өзінде тарих факультетіне түсу мақсатын саналы түрде түсінуі және болашақ кәсіби жолын нақты елестете алудағы Мадияр Елеуұлының берік өмірлік ұстанымы айқын сезілетін. Бұл ұмтылыстары оның үздік оқу үлгерімімен, факультеттің қоғамдық-тәрбиелік өміріне белсенді қатысуымен және жоғары академиялық тәртіптілігімен дәлелденіп отырды.

Бізге сондай-ақ Мадияр Елеуұлының курсының ең қабілетті студенттерінің болашақ мамандануы мен дипломдық зерттеулерінің тақырыбы ретінде археологияны таңдағаны ерекше әсер қалдырды. Археология бағыты 1960–1970 жылдары Қазақстанда ауқымды қазба жұмыстары мен көрнекті отандық археологтардың іргелі ғылыми зерттеулерінің арқасында қарқынды дамыды. Отандық археологтардың қатарында академик Ә.Х. Марғұлан, К.А. Ақышев, Ә.М. Оразбаев, М.К. Қадырбаев, сондай-ақ олардың жас әріптестері – К.М. Байпақов, Л.Б. Ерзакович, С.М. Ахинжанов, С.Ж. Жолдасбаев, Ж. Құрманқұлов және басқалар болды. Ғалымдардың көпшілігі оқытушылық қызмет атқарып, біздің тарих факультетінің археология және этнография кафедрасында археология бойынша курстар мен арнайы пәндерден дәріс оқыды. Бұл тарих ғылымның осы саласына тұрақты қызығушылықтың қалыптасуына ықпал етті. Сондай-ақ археология мамандығы бойынша білім алған жоғары курс студенттері үшін ең тартымды бағыттардың біріне айналды.

Ғалымның ғылыми қызығушылығының қалыптасуына сол кезеңдегі ауқымды археология-

лық зерттеулер ерекше ықпал етті. 1946–1974 жылдары академик Ә.Х. Марғұланның жетекшілігімен Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясы жүргізген қола дәуірі ескерткіштерінің қазба жұмыстары, 1969 жылы К.А. Ақышев пен Б. Нұрмұханбетовтың Есік қорғанынан «Алтын адамды» ашуы, сондай-ақ 1970-жылдардың басынан бастап К.А. Ақышевтің жетекшілігімен Оңтүстік Қазақстан кешенді археологиялық экспедициясы жүргізген ортағасырлық Отырар қалашығын зерттеу жұмыстары, кейіннен әріптесі К.М. Байпақов жалғастырған бұл зерттеулер тарихшы-студенттер арасында зор қызығушылық туғызды. Олардың көпшілігі өздерінің болашақ ғылыми қызметін археологиямен байланыстыруға ұмтылып, далалық экспедициялар мен қазба жұмыстарына қатысып, зерттеушілік жұмыстың қажетті дағдыларын меңгерді.

Бұл бағыттың институционалдануының айқын дәлелі ретінде Қазақстанда тұңғыш рет археология және этнография кафедрасының ашылуын айтуға болады. Оның меңгерушісі болып Қазақстанның Ғылым академиясының Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институтынан шақырылған кәсіби археолог, тарих ғылымдарының кандидаты, Ә.Х. Марғұланның шәкірті Абдуманап Медеуович Оразбаев тағайындалды.

Осы маңызды бастамада тарих факультетінің деканы Д.И. Дулатова мен университет ректоры Ө.А. Жолдасбеков елеулі рөл атқарды. Бұл тұлғалар 1950-жылдары тиісінше М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің тарих және механика-математика факультеттерін тәмамдаған болатын. Аталған оқу орны сол кезеңдегі елдегі ең беделді жоғары оқу орындарының бірі саналды. Онда аталмыш ғылым бағыты терең дәстүрлерге ие болып, Кеңес Одағында жетекші орындардың бірін иеленді. Өмірбек Арсланұлының басшылығы кезінде С.М. Киров атындағы ҚазМУ республикадағы жетекші жоғары оқу орны мәртебесіне ие болып, осы дәрежесін көптеген онжылдықтар бойы сақтап келеді. Менің ойымша, бұл Өмірбек Арсланұлының тек ғылыми-педагогикалық емес, сонымен қатар басқарушылық қызметтегі мол тәжірибесіне байланысты болды.

1970 жылы университетті басқаруға кіріскеннен кейін, Өмірбек Арсланұлы Қазақстан үшін ауқымы жағынан теңдесі жоқ жобаны – дамыған инфрақұрылымы бар бірегей университеттік кешен ҚазМУградты салу бастамасын көтерді. Бұл кешен заманауи оқу корпусарын, жатақха-

наларды, спорт кешенін, тамақтандыру комбинатын, кинотеатр, гараж шаруашылығын және басқа да нысандарды қамтыды. Айта кету керек, сол жылдары ҚазМУ республикадағы ең білікті профессор-оқытушылар құрамымен қамтылды. Ол өз кезегінде қолайлы ғылыми және академиялық ортаның қалыптасуына негіз қалады.

Дәл осы жылдары Мадияр Елеуұлының да кәсіби қалыптасуы жүзеге асты. Мен оны ондаған жылдар бойы танып, терең құрмет тұтамын. Ол әрдайым ойлау дербестігімен, принципшілдігімен, ғылыми мәселелердегі ымырасыздығымен, мақсаткерлігімен, айрықша еңбекқорлығымен және жаңа білімге деген тұрақты күштарлығымен ерекшеленді. Бұл қасиеттері оның ғылымдағы кейінгі жолын айқындап, отандық археологиялық мектепте лайықты орын алуына мүмкіндік берді.

Мадияр Елеуұлын жақынырақ әрі тереңірек тану мүмкіндігі маған екінші курста бұйырды. Сол кезде мен Космонавтар (қазіргі – А. Байтұрсынұлы) мен Виноградов (қазіргі – Қарасай батыр) көшелерінің қиылысында орналасқан университетіміздің № 1 жатақханадан орын алған едім. Дәл осы кезеңнен бастап біздің қарым-қатынасымыз жиілеп, мазмұнды сипатқа ие болды.

Сол уақытта М. Елеуов тарих факультетінің, сондай-ақ география, философия-экономика және ішінара дайындық факультеттерінің студенттері тұратын жатақхананың Студенттер Кеңесінің төрағасы қызметін атқарды. Біз, төменгі курс студенттері үшін, ол студенттік ортадағы ең беделді әрі құрметті тұлғалардың бірі болды. Осындай беделге тарих факультетінің комсомол ұйымының хатшысы Қуаныш Рахымжанов та ие еді, ол қоғамдық және тәрбие жұмыстарына белсенді қатысатын.

Мадияр Елеуұлының студенттер арасындағы беделі бірқатар объективті факторларға негізделді. Ең алдымен, оның үш жылдық әскери-теңіз флотында қызметте болуы өз алдына үлкен құрмет тудыратын. Бұған қоса, оның өндірістік қызмет тәжірибесі де бар еді, ал бұл өте берік жалпы білімдік дайындықпен үштасып, тарих факультетіне оқуға сәтті түсуіне мүмкіндік берді. Айта кету қажет, қазіргі кезеңмен салыстырғанда сол жылдардағы айырмашылық, заң, философия-экономика және тарих сияқты беделді факультеттерге түсу өте қиын болатын: бір орынға 20-дан 30-ға дейін абитуриенттер келетін. Артықшылығы, әдетте, мектепті медальмен бітірген түлектерге, ең жоғары балл жинаған талапкерлерге, сондай-ақ өндірістік

өтілі бар және әскери қызметтен өткен тұлғаларға берілетін.

Аталған факультеттердің жоғары мәртебесі олардың қоғамдық-саяси маңыздылығымен де айқындалатын. Үздік түлектер партия-кеңес номенклатурасын білікті кадрлармен қамтамасыз етті, республика жоғары оқу орындарын оқытушылармен толықтырды, ғылыми мекемелерді, соның ішінде Қазақстанның Ғылым академиясының Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институтын тағылымдамадан өтушілермен және аспиранттармен қамтамасыз етті, ал Республикалық Орталық Мемлекеттік музейі мен облыстық тарихи-өлкетану музейлері тарихшылар, археологтар және этнографтар қатарынан шыққан мамандармен толықтырылды.

Менің ойымша, Мадияр ағай өз кәсіби қызметінің ғылыми-педагогикалық бағытын кездейсоқ таңдаған жоқ. Бұған оның жалпы тарихи пәндер бойынша да, археологияны қоса алғандағы арнайы пәндер бойынша да терең білімі; археология жөніндегі студенттік ғылыми үйірме жұмысына белсенді қатысуы; студенттік ғылыми конференцияларда тұрақты түрде баяндама жасауы; сондай-ақ жыл сайын археологиялық экспедициялар мен қазба жұмыстарына қатысуы ықпал етті. Ол тек студенттер мен курстастары арасында ғана емес, археология және этнография кафедрасының профессор-оқытушылар құрамы, жалпы тарих факультеті, сондай-ақ біз ерекше құрмет тұтқан, даусыз әрі лайықты беделге ие Д.И. Дулатова – факультет деканы алдында да зор абыройға ие болды.

Мені әсіресе оның археологияға деген адалдығы мен осы ғылыми бағытқа деген шынайы құштарлығы тәнті ететін. Бұл бағытты академик Ә.Х. Марғұланның шәкірті Ә.М. Оразбаев дамытты. Айта кету керек, А.М. Оразбаев – Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясындағы дала беделдісі Оразбайдың туған немересі. Өзінің ғылыми және студенттік талпынысында Мадияр Елеуұлы жалғыз болған жоқ: отандық тарих ғылымының жаңа бағыты – археологияға дәл осындай адалдық танытқан тұлғалардың қатарында Әлішер Ақышев, Қолғанат Нұржаубаев, Мұхамбет Бекмағамбетов, Фёдор Григорьев, Сағындық Жауынбаев, Ерболат Смағұлов, Серік Әжіғали және басқаларды атауға болады.

Археологияға деген адалдығы, ғылыми ұқыптылығы және зерттеу жұмысына жауапкершілікпен қарауының нәтижесінде университетті үздік дипломмен бітіргеннен кейін Мадияр

Елеуұлы көп ұзамай факультет басшылығының шешімімен археология және этнография кафедрасында лаборант қызметіне алынды. Сол кезеңде кафедраны Ә.М. Оразбаевтан кейін университет ректоры Ә.А. Жолдасбековтің шақыруымен келген тарих ғылымдарының докторы, профессор У.Х. Шәлекенов басқарды. Ол Алматыға Шымкенттен көшіп келген еді, ал бұған дейін Қарақалпақстанда жұмыс істеп, Орта Азия мен Қазақстан халықтарының этнографиясы секторының меңгерушісі, белгілі кеңестік этнограф Т.А. Жданконың шәкірті болған.

Осылайша, өзінің кәсіби өмірбаянының бастапқы кезеңінде-ақ Мадияр Елеуұлы қуатты ғылыми мектептің ортасына түсті. Бұл оның зерттеуші және педагог ретінде қалыптасуына елеулі дәрежеде ықпал етті.

Осы жылдардың барлығында Мадияр Елеуұлының жанында оның досы әрі әріптесі Нұртаза Алдабергенов еңбек етті. Ол Түркістан облысы Отырар ауданының атақты қазақ халық ақын-импровизаторы Майлықожа Сұлтанқожаұлының немересі. Нұртаза аға В.И. Ленин атындағы Ташкент мемлекеттік университетінің түлегі, Орта Азия мен Қазақстанның ортағасырлық археологиясы бойынша маман еді. Өз уақытында ол тек Мадияр Елеуұлына ғана емес, маған да дәріс оқып, біздің кәсіби қарым-қатынасымызға ерекше сабақтастық пен ұрпақтар арасындағы ішкі ғылыми байланысты дарытты.

Осындай пікірді археолог, аға оқытушы Александр Степанович Загородний туралы да айтуға болады, ол да жас тарихшылар буынының зерттеушілік қызығушылықтарының қалыптасуына елеулі үлес қосты. Нұртаза Алдабергенов, Александр Степанович Загородний және Мадияр Елеуұлының Жамбыл облысы Шу ауданындағы ортағасырлық Ақтөбе қалашығында жүргізген бірлескен қазба жұмыстары мерейтой иесінің кейінгі ғылыми мамандануын – Оңтүстік Қазақстанның ортағасырлық археологиясын (қазіргі Жамбыл, Түркістан және Қызылорда облыстары аумағы) айқындап берді.

1977–1979 жылдары маған осы екі тамаша аға әріптесіммен және олардың отбасыларымен бірге ҚазМУ-дың аспиранттар мен тағылымдамашылар үйінде тұру бақыты бұйырды. Бұл кезең мен үшін қарқынды кәсіби өсудің және қызу ғылыми қарым-қатынастың жүру уақыты болды. Тарих факультетін аяқтағаннан кейін ректор Ә.А. Жолдасбековтің ұсынысымен мен ҚазМУ комсомол комитеті хатшысының орынбасары құқығындағы Студенттердің ғылыми-зерттеу

жұмысы жөніндегі кеңестің төрағасы болып тағайындалды. Ол кезде комсомол комитетін Р. А. Алшанов басқарған еді – қазіргі уақытта экономика ғылымдарының докторы, профессор, академик, «Тұран» университетінің ректоры, Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындары қауымдастығының президенті. Ғылымға бағдарланған әріптестермен, олардың қатарында Мадияр Елеуұлы мен Нұртаза аға да бар, тығыз ынтымақтастықта жұмыс істеу ғылыми ізденісі жоғары талапшылдықпен ұштасқан ерекше зияткерлік ахуалдың қалыптасуына ықпал етті.

М.Е. Елеуовтің өмірбаянындағы белгілі бір символдық әрі мәндік сәйкестік назар аудартады: Қызылорда облысы Шиелі ауданындағы орта мектепті бітіргеннен кейін тек бесінші жылы ғана өзі таңдаған университетке түсіп, табандылық пен мақсатына адалдық танытты. Сол сияқты, оның ғылым кандидаты ғылыми дәрежесін алу үдерісі де ұзақ уақытқа созылды – бұл кәсіби даярлығының немесе ғылыми әлеуетінің жеткіліксіздігінен емес, кафедралық ғылыми жетекшінің дер кезінде ауыспауына байланысты объективті жағдайлардың салдарынан болды.

Ғылыми жетекші ретінде КСРО Ғылым Академиясының Археология институтының жетекші ғылыми қызметкері, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Орта Азия мен Қазақстанның ортағасырлық сәулет өнері бойынша ірі маман Вероника Леонидовна Воронинамен нақты келісімге келгеннен кейін ғана Мадияр Елеуұлы диссертациялық зерттеуін мақсатты түрде аяқтау мүмкіндігіне ие болды. В.Л. Воронинаның мезгілсіз қайтыс болуынан кейін «VI – XIII ғасырдың басындағы Шу алқабының ортағасырлық қалаларының қалалық мәдениеті» тақырыбындағы кандидаттық диссертациясына ғылыми жетекшілікті Қазақстанның көрнекті археологы Карл Молдахметұлы Байпақов жалғастырды. Ол – Қазақстанның ортағасырлық археологиясы бойынша көптеген іргелі еңбектердің авторы, ғылыми зерттеулері елімізде ғана емес, одан тыс жерлерде де кеңінен танылған ғалым.

Ғылыми жетекшілік мәселесіндегі айқындық, танылған ғылыми мектепке сүйену және өзінің зерттеушілік кемелденуі Мадияр Елеуұлына 1991 жылы кандидаттық диссертациясын, ал 1999 жылы «VI – XIII ғасырдың басындағы Шу-Талас өңірінің ортағасырлық қалалары мен қоныстары» тақырыбындағы докторлық диссертациясын сәтті қорғауға мүмкіндік берді. Осылайша ол ортағасырлық археология саласының мойындалған маманы ретінде орнықты. Бүгінде

оның ғылыми беделі Қазақстанда ғана емес, жақын және алыс шетел елдерінде де мойындалып, зерттеулері кәсіби ғылыми қауымдастық тарапынан лайықты бағасын алып отыр.

Қазіргі уақытта мерейтой иесі отандық археологияда ерекше әрі шын мәнінде бірегей «орынға» ие болып, ғылыми «қолтаңбасы» өзге, тіпті ең танымал әріптестерінің еңбектерімен де шатастырылмайтындай мойындалған мэтр деңгейіне көтерілді. Оның зерттеушілік қызметі ауқымдылығымен, жүйелілігімен және деректанулық айрықша адалдығымен ерекшеленеді. Ол алғаш рет тек ортағасырлық Қазақстанға ғана емес, қола дәуірі мен ерте темір дәуіріне де жататын шамамен 3000-ға жуық тарих және мәдениет ескерткіштерін тіркеп, ғылыми айналымға енгізді.

Мадияр Елеуұлының ғылыми жетістіктерінің қатарында бұрын зерттелмеген 300-ден астам қала мен қонысты анықтап, ғылыми айналымға енгізуі бар. Ғалымның ғылыми мұрасында археологиялық ескерткіштер жинақтарын дайындау, сондай-ақ Ұлы Жібек жолы бойында орналасқан қамал мұнараларын жүйелеу мен сипаттау ерекше орын алады. Бұл еңбектер Қазақстан мен Орталық Азия елдерінің тарихи-мәдени мұрасын зерделеуде қағидатты маңызға ие болып, кейінгі зерттеушілер ұрпағы үшін берік деректік негіз қалыптастырады.

Орыс тілінде «Медленно запрягаешь – быстро едешь» деген белгілі мақал бар, ол қазақтың «Бейнеттің де зейнеті бар» деген нақыл сөзімен үндеседі. Бұл ой тиянақты, іргелі дайындық істің табысты әрі нәтижелі аяқталуын қамтамасыз ететінін білдіреді. Аталған халық даналығы Мадияр Елеуұлының өмірлік және кәсіби жолын толық сипаттайды. Ғылыми қалыптасудың ұзақ әрі байыпты кезеңі, бай далалық тәжірибемен, мұрағаттық және талдамалық жұмыспен ұштасуы оның кейінгі жетістіктерінің берік іргетасына айналды.

Докторлық диссертациясын қорғағаннан кейін оның ғылыми-педагогикалық қызметінің жаңа, ең жемісті кезеңі басталды. Ол Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде, Қ.А. Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде бейіндік кафедраны басқарды, сондай-ақ осы оқу орнында Археология және этнология ғылыми-зерттеу Орталығының директоры қызметін атқарды. Бұл қызметінде ол Орталықтың негізін қалаушы әрі алғашқы жетекшісі, тарих факультетінің әйгілі түлегі Зиядин Қашқынұлы Исабековтің қолдауына сүйенді. Зия-

дин Қашқынұлы – самбо және дзюдо бойынша Қазақстан мен КСРО-ның бірнеше дүркін чемпионы, дарынды тарихшы және археолог, қоғам және мемлекет қайраткері, Алматы қаласы әкімінің орынбасары болған тұлға. Кейін Мадияр аға өзінің туған кафедрасы – Тарих факультетінің Археология, этнология және музеология кафедрасында профессор қызметін жалғастырды, ал қазіргі уақытта әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Археология және этнология ғылыми-зерттеу орталығында еңбек етуде.

Оның Оңтүстік Қазақстан аумағындағы Тұран және басқа да археологиялық экспедицияларға жетекшілік етуі ерекше маңызға ие. Бұл экспедициялар өңірдің ортағасырлық қалалық орталықтары мен қорғаныс құрылыстарын зерттеуге қомақты үлес қосты. Мадияр Елеуұлы – Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің көптеген ғылыми гранттарының иегері, бірқатар шаруашылық-келісімшарттық зерттеулердің жетекшісі, кәсіби ортада мойындалған 500-ден астам ғылыми жарияланымның авторы.

Кең жұртшылыққа ол «Қазақстанның үздік жоғары оқу орны оқытушысы» құрметті атағының, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Үздік ғылыми қызметкер» наградасының, сондай-ақ «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері» атағының иегері ретінде белгілі. Ол көптеген бакалаврларды, магистранттарды және PhD докторанттарды даярлаған жоғары білікті оқытушы және маман ретінде танылды, олардың көпшілігі ғылыми және педагогикалық қызметін табысты түрде жалғастырып келеді.

Мадияр Елеуұлы қай жерде еңбек етсе де, мен 54 жыл бойы онымен әрдайым жылы достық әрі адами қарым-қатынасты сақтап келемін. Мен оның ғылыми жетістіктеріне, кәсіби табыстарына, тату әрі берік отбасына, өмірде өзін жүзеге асырып, елеулі нәтижелерге қол жеткізген балаларына шынайы түрде сүйсінемін. Мұның барлығы жиынтығында ғалымның, педагогтың және ішкі мәдениеті мен адамгершілік жауапкершілігі жоғары тұлғаның тұтас бейнесін қалыптастырады.